

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Балаларды геометриялық пішіндермен таныстыру

ЖАРИЯЛАНДЫ
09.12.2018

СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/48690/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Шәкібек Айдана Нұрланқызы

Білім беру саласы: Таным, қатынас, әлеуметтік орта.

Бөлімі : Сенсорика

Мақсаты : Балаларды геометриялық пішіндермен таныстыру, пішіндердің көлемін салыстыра білуге үйрету, аңдардың дыбыстарын бір-бірінен ажырата білуге қалыптастыру.

Әдәс-тәсілдері: түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап.

Көрнекілігі: ғажайып қалта, түрлі ойыншықтар, пішіндер, ұяшықтар.

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғау	<p>Шаттық шеңбері Бір, екі, үш Бойға жинап күш Кәне біздің басымыз Кәне біздің көзіміз Кәне біздің мұрнымыз Кәне біздің қолымыз Кәне біздің аяғымыз</p>	Шаттық шеңберін қимылмен орындады

<p>Ізденіс-ұйымдастырушылық</p>	<p>Ғажайып сәт: Қуыршақ Іңкәрдің қонаққа келуі. -Сәлеметсіңдер ме балалар. Менің сендермен ойын ойнағым келіп топтарыңа қыдырып келдім. (қуыршақ ойыншықтарды шашып ойнай бастайды.) Тәрбиеші:Іңкәр сен неге ойыншықтарды шашып жатсың. Іңкәр: Мен ойын ойнап жатырмын. Тәрбиеші : Балалар барлығымыз Іңкәрға мұнараны жинауға көмектесейік.Мұнараны үлкенінен кішісіне қарай жинауымыз керек. Ал балалар сендерге көп рахмет.Енді орнымызға жайғасып қызықты тапсырмалар орындайық.</p> <p>Тапсырма : Балаларға пішіндерді түсіндіріп өту.Балалар енді осы пішіндерді өз үйлеріне орналастырып шығайық.</p> <p>Балалар сендер тапсырманы жақсы орындадыңдар.Енді сендермен Іңкәр екеуміз қызықты бір ойын ойнайық.Ойынның аты «Ғажайып қалта» деп аталады.</p> <p>Дидактикалық ойын : «Ғажайып қалта» Шарты : Балалар қалта ішіндегі жануарларды атап,дауыстарын дыбыстап шығару.</p>	<p>Сәлеметсіз бе? деп амандасты. Қуыршақты қуана қарсы алды</p> <p>Қуыршақтың ойыншықтарын жинауға көмектесті.</p> <p>Тапсыраларды түсіне таңдап,дұрыс орындауға талаптанды.</p> <p>Ойынды қызыға ойнап,жануарлардың дыбысын дыбыстай алды.</p>
<p>Рефлексивті түзету</p>	<p>-Балалар сендерге көп рахмет. Тапсырмалардың барлығын дұрыс орындадыңдар. -Балалар біз қандай пішіндермен таныстық? — Қандай жануарлардың дыбысын дыбыстадық?</p>	<p>Балалар сұрақтарға дұрыс жауап беруге тырысты</p>

Күтілетін нәтиже

Біледі:Жануарлардың түрін.

Игереді:Жануарлардың дыбыстарын дыбыстауды.

Қолданады: Пішіндерді ұяшықтарға орналастыруды

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.